

**РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ**



БОЛАШАҚҚА БАҒДАР:

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



«ЖАҢА ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ 100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ»

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында алдағы уақытта қоғамның барлық саласында ауқымды жобалар мен реформаларды жүзеге асыру бойынша бірқатар міндеттер қойған болатын. Соның бірі – «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы. Бұл жоба аясында әлемнің үздік оқулықтары мемлекеттік тілге аударылып, қазақстандық оқырманға қол жетімді болды.

Әл-Фараби кітапханасына осы жоба аясында философия, әлеуметтану, психология, экономика, менеджмент, кәсіпкерлік, дінтану, лингвистика, антропология, иновация, медиа салалары бойынша кітаптар түскен.


Кітапхананың <http://elibrary.kaznu.kz/ru/node/1468> ресми сайтында толықмәтінді форматта оқуға болады.





ЮВАЛ НОАҺ ХАРАРИ


Ювал Ноаһ Харари 1976 жылы дүниеге келген. Әскери тарихшы, Еврей университетінің, тарих факультетінің профессоры. «Sapiens: адамзаттың қысқаша тарихы» атты Халықаралық бестселлердің авторы.



Өткен кезеңдердің оқиғалары мен қазіргі заман мәселелері арасындағы байланысқа зер салып, оқырманды қоршаған орта туралы түсініктердің бәрін қайта қарауға жетелейді.

Елсіз аралға өзіммен бірге ала кететін он кітаптың бірі - осы шығар.


Бил Гейтс



- ▶ Жақын болашақта компьютерлер еңбек нарығынан миллиардтаған адамды ығыстырып шығарса не істейміз? Технологияларды меңгерген адамзаттың жойқын күшінен Жерді қалай сақтап қаламыз? Гендік инженерияны дін қалай қабылдайды? Мәңгі өлмеу, рақатқа бөлену және Құдай болуға деген ұмтылысымыз ХХІ ғасырда іске аса ма? Осы өзекті сұрақтарға жауап беруге тырысқан бұл еңбекте бүгінгі күннің дилемаллары талқыланып, жан-жақты қарастырылған.



Заманауи оқиғалардың түп маңызы не?
Компьютер алгоритмдерінің құлы
болмау үшін не істеу керек?
Экологиялық қауіп-қатерден аман
қаламыз ба? Терроризммен қалай
күресеміз? ХХІ ғасырдың осындай сын-
қатерлеріне төтеп бере алса ғана адам
баласы келесі ғасырларда Жер деп
аталатын ғаламшарда тіршілігін
жалғастыра бермек.



Алдыма қойған мақсатқа жетудің жолы қандай? Айналамен қалай қатынас жасаған абзал? Озімнің де өзгенің де ұпайын түгел ететін ұтымды өмірлік ұстаным бола ма? Маңызды әрі шұғыл шаруаның қайсысына алдымен кезек берген жөн? Күн сайын көлденең келетін жаңа сынақтарға төтеп беру үшін өзімді қалай жетілдіремін?

«Өміріңді өзгертіп жіберердей таңғажайып кітап»

Том Питерс

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ДАМЫТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН:

1. БЕЛСЕНДІ БОЛЫҢЫЗ
2. ІСТІ АҚЫРҒЫ НӘТИЖЕНІ АЙҚЫН ЕЛЕСТЕТІП ТҰРЫП БАСТАҢЫЗ
3. БАСЫНДА ІСТЕЛУГЕ ТИІСТІНІ БАСЫНДА ІСТЕҢІЗ

АДАМДАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ

5. «МЕН ЖЕҢДІМ/МЕН ЖЕҢДІМ» ДЕГЕН ОЙДА ЖҮРІҢІЗ
6. ӨЗІҢДІ БІРЕУ ТҮСІНУІ ҮШІН АЛДЫМЕН ӨЗГЕНІ ТҮСІНІҢІЗ
7. СИНЕРГИЯҒА ЖЕТІҢІЗ («ынтымақтастық, жәрдемдесу, әрекеттестік...)

ТҰРАҚТЫ ДАМУ

8. ӨЗІҢІЗДІ ҮНЕМІ ЖІГЕРЛЕНДІРІП ОТЫРЫҢЫЗ



Адамның сыртқы ортаға бағынуы, жағдайға бағынсынуы, өзін-өзі ақтап алуы, көзсіз сенімге еруі, ұнатуы, ашуға бой алдыруы, үгіт-насихат жетегінде кетуі сияқты маңызды факторларды ғылыми сала ретінде қалыптасып, өзіндік орнын иеленгендігін негіздеген.



Жасанды интеллектінің, роботтандырудың, робот-автомобильдердің, 3D басып шығарудың, нанотехнологияның, биотехнологияның дамуымен және тағы да толып жатқан ғажайыптардың пайда болуымен барлық салада қарыштап көкке өрлейтін, таңғаларлық технологиялық дүмпуге куә болмақпыз.